

- to reveal and convey the meaning and significance of ancient traditions and customs of the Kazakh people in the process of educating future generations;
- strengthening the attitude and respect of the future generation for girls, promoting the honor of girls;
- revival, further development and implementation of centuries-old traditions of the Kazakh people;
- learn the history of the past through ancient traditions, reveal its secrets;
-

Literature

1. Sagidolda G.S. Turkimongol dunie beinesining tildik fragmentteri. – Astana: “Saryarqa” baspasy. 2011. – 304 p.
2. Ata-baba dasturi zhas urpaqqa amanat. Adistemelik qural. – Redakcialyq alqa musheleri: Sh.Q. Qazhigalieva, S.Gabbasov, Zh.Q. Boqanova, Zh.K.Karimova, R.A. Abraeva. Astana: “Shikula jane K” ZhShS, 2013. – 40 p. – qazaq tilinde
3. Ter-Minasova S.G. Til zhane madenietarlyq kommunikacia. – Almaty: Ulttyq audarma burosy, 2018 jyl – 320 b.
4. Maslova V.A. Lingbokulturologia: usheb. posobie dlia stud.bish.usheb.zabedenii. – 4-e izd., ster. – M.: Izdatelskii centr “Akademiya”, 2010. – 208 s.
5. Boleev Q. Bolashaq mugalimderdi oqushilarga ulttyq tarbie beruge kasibi daiyandau. Almaty “Nurly alem” 2004 jyl
6. Kensheahmetuly S. Kazakh halqynyng salt-dasturleri. – Almaty: “Almatykitap baspasy” ZhShS, 2010. – 312 b. suretti.
7. Kazakh- English Dictionary (including about 30000 words and phrases) Authors: J.Tuimebayev, G.Sagidolda. – Almaty, “Kazigurt”, 2018. – 632 p.
8. Kazakh- English Dictionary (including about 30000 words and phrases) Authors: J.Tuimebayev, G.Sagidolda. – Almaty, “Kazigurt”, 2018. – 440 p.
9. English-Russian Dictionary. Authors: O.S.Ahmanova, E.A.M. Wilson. – M: Rus.lang., 1989. – 1056 p.

ӘОЖ 811.512.122

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «АНГЛИЦИЗМДЕР» МӘСЕЛЕСІ

Алшабаева Айгерім Бахытжанқызы

aigerim03111992@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының докторанты, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.Маликов

Тіл – үнемі өзгеріп, дамып, толығып отыратын қоғамдық құбылыс болып табылады. Қазіргі әлемде өмірдің барлық салаларын қамтыған жаһандану процесі қазақ тіліне де өзгерістер мен толықтырулар әкелген. Кез келген тілдің сөздік қоры секілді қазақ тілі сөздік қорының толығыуы ішкі интерлингвистикалық факторлар мен өзінде жоқ сөзді өзге тілдерден алуы арқылы байып, толығыады. Мұның ішінде жаһанданудың заманауи талаптарына сәйкес әлемдік терминдерінің кірігуі тілі болып саналатын ағылшын тілі басымдыққа ие.

Ағылшын тілінен енген сөздер мен сөз тіркестерді англицизм деп атайды. Бұл терминнің анықтамасын түрлі сөздіктерден таба аламыз. Мысалы, орыс тілінің түсіндірме сөздігі бойынша англицизмдер варваризмнің түрі деп сипатталған, бір тілге енген ағылшын тілінің сөз немесе сөз

орамы деп берілген. [1] Ал Ожегов С.И.: “Англицизм – белгілі бір тілдегі ағылшын тілінен алынған немесе ағылшын тілінің сөзі мен тіркесінің үлгісіне ұқсатып жасалынған сөз” деп жазады. Демек бұл сөздік англицизмді тілдегі жаңа ұғым екеніне сілтеме жасайды. Ал Н.Г. Комлев, А.Д. Михельсоннің шетел сөздерінің сөздіктерінде англицизмдерді тілдегі ағылшын тілінің сөзі деп жалпы түсініктеме береді.

Шет тілі сөздерінің қазақ тіліндегі қолданыстағы сөздерді ауыстырумен енуі бүгінгі күннің негізгі мәселелеріне айналады. Алайда шет тілдері сөздерінің басқа тілдерге ену себептерімен көптеген лингвистер ХХ ғасырдан бастап айналыса бастаған. Англицизмдер Бодуэн де Куртэнье, Г.Пауль, Э.Сепир, Л.В. Щерба және басқа да ғалымдардың еңбектерінде тілдердің араласуы негізінде зерттелінеді. Л.П. Крысин шет тілі сөздерінің енуіне жаңа заттар мен жаңа құбылыс атауларының қажеттілігі негізге себеп екендігін айтқан. Одан басқа себептерге мағыналары жақын, әйтсе де түрлі түсінікті беру мен түрлі салаларда арнайы түсініктің қажеттілігі, құбылысты немесе затты сөз тіркестерімен емес “бір” сөзбен жеткізу ұстанымының орын алуы. Сонымен қатар ғалым шетел сөздерінің енуінің барлық сөйлеушілердің қабылдауы секілді әлеуметтік-психологиялық факторларын немесе шетел сөзінің “абыройлы, ғылыми, әдемі үндестігі” және де аталған түсініктің коммуникативті өзектілігінің болуын негізгі себепкер деп көрсетеді [2]. М.А. Брайтер де бұл мәселені зерттей отырып, төмендегідей шетел сөздердің тілге ену себептерін анықтайды: [3]

1. Рецепттор тілдің когнитивтік базасында лайықта ұғымның болмауы. Мысалы, 90-жылдардағы іскер адамның сөздігіне берік түрде бэдж, классификатор, ноутбук пен оның түрлері, огранайзер және т.б. англицизмдер кірді

2. Рецепттор тілінде 15%-ға жуық жаңа англицизмдердің сәйкес баламасының болмауы. Мысалы, виртуалды, инвестор, спрей.

3. Тілді иеленушілер арасында шетел технологиясының озықтығы, шетел банкілерінің сенімділігі, шетел тауарларының жоғары сапалығы себебінен автордың ойынша жарнама саласында шетелдік сөздерінің кеңінен қолдануына соқтырды.

Исмаилова Н.А. диссертациясында шетел сөздердің қазақ тіліне енуінің экстралингвистикалық себептері лингвистикалық себептермен тығыз байланысты деп, келесідей топтастырады:

– Халықтар арасындағы тығыз саяси, экономикалық және мәдени байланыстардың орын алуы. Осындай байланыстар нәтижесінде жаңа заттар және ұғымдармен бірге кірме сөздер енеді. Халықаралық қатынастардың дамуы туыстас және туыс емес тілдерде халықаралық сөздер қорының қалыптасуына ықпал етеді

– Жаңа заттарға, үдерістерге және ұғымдарға атау беру қажеттілігі. Кірме сөздердің екінші экстралингвистикалық факторы шетел сөздер көмегімен белгілі бірқұбылысты немесе ұғымды атау. Мұнда заттар мен ұғымдардың нақтылануы қажеттілігіне байланысты ғылыми және техникалық терминдердің енуіне алып келеді

– Тілге қызығушылық, шетел сөздерін қолдануға әуестік;

– Шет тілдерін меңгеруге қызығушылықтың артуы;

– Ұғымның коммуникативті белсенділігі және оған сәйкес сөздер;

– Жеке тұлғалардың саяхаты;

– Қостілділіктің қалыптасуына ықпал ететін тіл саясатын жүзеге асыру [4].

Қысқаша айтқанда тілде шетел сөздерін қолдануының экстралингвистикалық себептері сан түрлі – экономикалық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік -психологиялық, мәдени, ғылым дамуына байланысты болады. Сондай-ақ ағылшын сөздерінің тек қана қазақ тілі емес, әлемдегі басқа да тілдерге енуінің бірден бір себебі ағылшын тілінің мәртебесін, халықаралық дәрежесін, әмбебаптылығын айтуға болады.

Сонымен ақпарат ағымдарының артуы, ғаламдық тордың пайда болуы мен оны қолдану адамдардың күнделікті салтына айналуы, мемлекетаралық және халықаралық қатынастардың нығаюы, әлемдік нарықтың, экономиканың, ақпараттық технологияның дамуы, және тағы басқа көптеген факторлар тілімізде англицизмдердің таралуына себеп болғанын аңғардық. Ал қазақ тілінде ағылшын тілінің сөздерінің саны көп болғандықтан, оларды түрлі ерекшеліктеріне байланысты топтастырып қарастыру жөн болады. Ғалым М.А. Брайтердің жұмысына негізделіп [3] англицизмдердің қазіргі қазақ тілінде қолдану ерекшелігіне қарай келесідей топтастыруды ұсынамыз:

Бірінші топтағы сөздер қазақ тілінде транслитерация тәсілімен жазылып, мағынасы тура түпнұсқа мағынасында қолданылады. Бұл англицизмдерге ‘баға’ мағынасындағы ағылшын тілінің price сөзін жатқызуға болады. Қазақ тіліндегі контекстте бұл сөз ағылшын тілінің фонетикалық ережесін сақтап ‘прайс’ деп жазылып айтылады. Қазақстан жеріндегі түрлі салалардағы алпауыт компаниялардың ресми веб-сайттарында тауарлар мен қызметтерінің бағалары “прайс парағы” немесе “прайс парақшасы” деп жазылған. Мысалы, мемлекеттік және жекеменшік ауруханалардың ресми веб-сайттары (www.poliklinika1.kz, www.daumed.kz, www.ordagp3.kz), техникалық құрылғылардың үлкен дүкендерінің ресми веб-сайттары мен әлеуметтік желілердегі парақшалары, Республикалық газеттерінің ақпараттық порталдары (Айғақ газеті, Заң газеті), және кейбір жоғарғы оқу орындары мен арнаулы білім беретін орындарының веб парақшаларында (Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, “Мирас” колледжі) кездестіруге болады. Бұдан басқа транслитерация тәсілімен жазылып, қазақ тілінде ағылшын тілінің фонетикалық ережесі сақталып айтылатын, контекстте мағынасы тура түпнұсқа мағынасында қолданылатын сөздер қатарына *кампус* (университет қалашығы), *биткоин* (виртуалды валюта), *гаджет* (тасымалды шағын цифрлық құрылғы) т.б.

Англицизмдерді қазақ тілінде қолдану ерекшелігіне байланысты екінші тобына “гибрид” тәсілін жатқызамыз. Бұл қазақ тілінің төл сөздеріне ағылшын тілі сөз құрамдары қосылу арқылы жасалған сөздер. Қазіргі қазақ тілінің сөздерінде ағылшын тілінің префикстері, жұрнақтары аз емес, олар:

- 1) Көлемнің шағын екенін білдіретін ағылшын тілінің ‘микро-’ префиксі бар сөздер: микрожүйе, микроталдау, микроесептеуіш, микротаразы;
- 2) ‘қарсы’ деген мағынада қолданылатын ‘анти-’ префиксі бар сөздер: антиқор, антибөлшектер, антипатриоттық;
- 3) қазақ тілінде дефис арқылы жазылатын, ғаламтор желісіне қатысы бар сөздерде ‘веб-’ бөлшегі бар сөздер: веб-қосымша, веб-парақша;
- 4) ‘нано-’ префиксі бар ғылыми терминдер: нанокұрылымдық, наноөлшемді;
- 5) ‘авиа’ бөлшегі бар сөздер біріккен сөздер: авиапат, авиабағдаршам, авиабөлім;
- 6) ағылшын тілінің ‘auto’ деген префиксы қазақ тілінің бірқатар сөздерінде ‘авто’ деп ауысқан және дербес, автоматты түрде жұмыс жасайтын мағынаны беру үшін қолданылады: автошығыр, автоағаштасығыш, автобекет;
- 7) ‘интер-’ префиксі бар сөздер: интермәдени, интербелсенді;

Үшінші топқа қысқартылған ағылшын сөздері мен аббревиатуралардың қазақ тілінде қолдануы. Бұл сөздер тобы соңғы жылдары ғаламтор желісінде ғана емес адам өмірінің барлық салаларында қолдана бастаған. Бірақта бұл топтағы сөздер кейбіреулерің айтылуы ағылшын тілінің ережелеріне сәйкес келсе, кейбіреулері қазақ тілінде қолданған кезде өзгерістерге ұшыраған. Мәселен, HR, PR секілді сөздер кәсіби мамандықтар саласында қолданылып айтылуы да тура ағылшын тіліндегідей. Ал ағылшын тілінде 1940-жылдары пайда болып, [5] қазақ тілінде 1990-шы жылдардан бастап қолданылатын танымал VIP аббревиатурасының айтылуы түпнұсқаға қарағанда өзгешелеу.

Қазақ тілінде қолданылатын англицизмдердің төртінші тобына экзотизмдер кіреді. Экзотизм (грек. ‘exoticos’ - бөгде, шетжерлік) дегеніміз басқа тілден енген және сөйлеуге айрықша бояу үстеу үшін пайдаланылатын сөз немесе сөз тіркесі. [4] Бұл сөздер тобы ағылшын тілді халқының ұлттық дәстүрін сипаттайтын, қазақ тілді халыққа бөтен, өз мағынасында сақталатын сөздер. Экзотизмдердің тобын көбінесе гастрономиялық лексика құрайды, яғни қазіргі қазақ тілі дискурсының бір бөлшегін құрайтын экзотикалық жеміс-жидек, көкөніс пен дәмдеуіш және тағам атаулары құрайды. Мысалы: хот-дог (ағылшын тілінде hot-dog), чизбургер (cheeseburger), стейк (steak), грейпфрут (grape-fruit), лимон (lemon), брокколи (broccoli), лайм (lime), киви (kiwi), т.б.

Қазақ тілінде англицизмдердің қолдану себептері мен олардың түрлерінің ерекшеліктерін аңғарғаннан кейін бір мәселе туындайды. Тек қазақ тілінде ғана емес, барлық тілде орын алған ағылшын тілі сөздерінің жаппай таралуы бірқатар ғалымдардың уайымына айналды. Мәселен, зерттеушілер Кабақчи В.А. және Штейнер Г. «ағылшын тілінің басқа тілдерге енуі тілден кірігу үдерісінің объективті шеңберінен тым тыс шығып бара жатыр» деген мәселені алға тартады [6]. Ғалымдардың көзқарасы бойынша бұл процесс тілдің табиғи лингвистикалық түрленуінің табиғатына зиян келтіріп, қабылдаушы тілдің экологиясын айтарлықтай бұзылуына әкеледі [7]. Англицизмге қарсы ойды ұстанатындар пікірінше, олар ана тілінің қабылдауына кедергі келтіреді, әлеуметтенуді нашарлатады және дәстүрлі грамматика мен морфологияға кері әсерін тигізуі мүмкін [8].

Қоғамда болып жатқан жаһандану процестері тілге де, бұқаралық санаға да әсер етті, атап айтқанда, бұл кірігулер беделді, сәнді, өзекті ретінде қабылдана бастағанынан көрінді. Кейбір жағдайда қазақ тілінің төл сөздерін алмастырып алды. [9] Белгілі бір кәсіби салаларда ағылшын терминдерін қолдану барлық халықтарға түсінікті болатыны сөзсіз. Алайда бүгінгі таңда сөйлеушінің англицизмдерді пайдалануы соншалықты, кейбір тыңдаушылар түсінбей қалатын жағдайға да соқтыруы мүмкін. Мысал ретінде мониторинг сөзін қарастыруға болады. Бұл сөзді барлық салаларда қолданылып жүр. Мысалы: *“...165 және Астана көшесі, 8 мекен-жайы бойынша қайта жаңғыртудан өтіп жатқан үйлердің жөндеу жұмыстарына мониторинг жүргізді”* (‘Деловой Казахстан’ №36 республикалық экономикалық газетінен үзінді); *“Мектепке дейінгі жастағы баланың даму мониторингі оның әртүрлі кезеңдегі даму динамикасын тіркеуге, жеке дамуына сауатты педагогикалық қолдау көрсетуге және онымен әрі қарай жұмысты түзетуге ықпал етеді”* (мектепке дейінгі балалық шақ педагогтарына арналған әдістемеліктен үзінді); *“Қоса беріліп отырған Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығы бекітілсін”* (Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы № 629 бұйрығынан үзінді). Мониторинг деген англицизмге әдеттеніп, күнделікті тұрғыда кез келген контекстінде қолданып келеміз. Бірақ юл сөзді қолдану шарт емес, керісінше текстті қабылдауға кедергі тудырады. Англицизмнің орнына тура өзінің мағынасындағы толығымен синонимдес болып келетін қазақ тілінің ‘бақылау’ сөзін қолдану жөн.

Бұқаралық ақпараттар құралдары да газет-журналдардағы мақалалардың атыуында да англицизмдерді кең қолданады. Мысалы, Егемен Қазақстан газетінің №28-басылымында “Кедей елдердегі технологиялық дилемма” тақырыбында мақаласы бар. Дилемма сөзі барша халыққа бірдей таныс сөз деп айту қиынға соғады. С.И. Ожеговтың түсіндірме сөздігі бойынша дилемма сөзінің мағынасы ‘1. екі қарама-қарсы позициядағы пайымдаулар, қорытындылар үйлесімі; 2. қарама-қарсы екі шешімнің бірін таңдау кезіндегі бірдей қиындық туғызатын жағдай’ [10].

Бұл түрдегі ағылшын сөздер мен сөз қолданысының тек ауызекі сөйлеу мен бұқаралық ақпарат құралдары үшін ғана емес, сонымен қатар ғылым саласы үшін де өзекті. Шет тілдік элементтері бар «сәнді» сөздерді қолдану ғылыми білімнің әр түрлі салаларындағы жарияланымдардың тақырыптарында кездеседі.

Англицизмдердің жаппай таралуы үрдісін жақтаушылар да бар. Үнемі өзгеріп отыратын тенденциялар мен шындықтарды бейнелеу үшін тілдің қарқынды дамуы керек деген сенім де бар.

«Алтын орта» жақтаушылары бәрін қалыпты мөлшерде жақсы деп санайды. Әрине, сөйлеу англицизмдерге толы болған кезде, сөйлеушіні түсіну өте қиын, әсіресе оның өзінің әлеуметтік тобына кірмейтіндер немесе басқа салада жұмыс жасайтындар үшін.

Қорытындылай келе, ағылшын тілі халықаралық қарым-қатынас тілі болғандықтан адамның өмір сүруінің барлық салаларына еніп берік орныққан. Жаңа ұғымды білдіретін интернационалды терминдерді қолдану баршаға бірдей түсінікті ортаның негізін құрайды. Алайда ағылшын тілінің төл сөзін тек ‘әсемдік’ үшін қолданудан бас тартып, сол мағынада қазақ тілінің сөздік қорында бар сөзді пайдалансақ, англицизмдер тілге сонды зиян келтірмес.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ушаков Д.Н. Толковый словарь русского языка. – М.: Гос. ин-т “Сов. энцикл.”, 1935-1940, 4 т.
2. Крысин Л.П. Слово в современных текстах и словарях. Очерки о русской лексике и лексикографии. – М.: “Знак”, 2008, 320 с.
3. Брейтер, М.А. Англицизмы в русском языке: история и перспективы. – М.: “Диалог-МГУ”, 1997, 156 с.
4. Исмаилова Н.А. Гастрономиялық лексиканың кросс-мәдени енуі // диссертацияю – Алматы, 2014, 133 б.
5. Перовская Т.И. VIP: к истории проникновения аббревиатуры в русский язык // Политическая лингвистика 3 (41). – ФГБОУ ВПО “Урал.гос.пед.ун-т”, 2012, с.166-169.
6. Кабакчи В.А. Троянский конь последней революции // Культура. Еженедельная газета интеллигенции № 37 (7245). – “Метрополис”, 2000, с. 4-5.
7. Steiner G. After Babel. Aspects of language and translation. – Oxford University Press, 1975, 520 p.
8. Иванова Е. Поговорим об англицизмах: слова заимствованные из английского языка. Источник: <https://lim-english.com/posts/anglicizmy/>
9. Злотникова Т.С., Гапонова Ж. К. Наш русский супер-гипер-мульти-проект // Ярославский педагогический вестник №4. – 2017, с. 280-289.
10. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. – А Темп, 2008, 944 с.

ӘОЖ 004.738.5.: 81

ҒАЛАМТОР РЕСУРСТАРЫНДАҒЫ ЖАЗБАЛАР ТІЛІНДЕГІ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Амантаева Диана Бахытқызы

diana-amantay@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының 2-курс магистранты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.Маликов

Тілдегі лингвистикалық өзгерістер оның әлеуметтік аспектілеріне, атап айтқанда білім беру, коммуникация және мәдениет саласындағы саясат пен жоспарлауға да әсер ететіні сөзсіз.